



Соңғы жылдары ауылдарда жаңа мектептер мен медициналық нысандар салынды, инфрақұрылым жақсарып, әкімдер корпусы түбегейлі жаңарды. Жуырда өткен ауыл әкімдері мен Президент арасындағы тікелей диалог форматы – жергілікті мәселелерді шешудің тиімділігін арттыратын жаңа басқарушылық мәдениеттің айқын көрінісі болды. Тікелей диалог әкімдердің өз жауапкершілігін терең сезінуіне ықпал ететін болады. Мемлекет басшысымен бетпе-бет сөйлесу, нақты сұрақтарға жауап беру, өз аймағындағы ахуалға жеке есеп беру ауыл әкімдерінің кәсіби деңгейін, ішкі тәртібін күшейтеді. Олар халықтың жағдайын Мемлекет басшысына жеткізе алатынын сезінген сайын, жұмысқа деген жауапкершілік те артады. Осы орайда, форумға қатысып келген кент, ауылдық округ әкімдерінің Мемлекет басшысының тапсырмасынан туындайтын міндеттері туралы пікірлерін білдік.

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНЕ АРТЫЛАР МІНДЕТ САЛМАҚТЫ



Айдын ТЫНЫШТЫҚБАЙ, Тасбөгет кентінің әкімі:

Елді мекендерді цифрландыру – дамудың жаңа белесі

Бүгінде ауылдарды дамыту – мемлекеттің стратегиялық басымдығының бірі. Халқымыздың түп-тамыры, ұлттық болмысымыздың өзегі – ауылда. Сондықтан ауылдың әлеуетін арттыру, инфрақұрылымын жетілдіру, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту – ел тұрақтылығының негізгі шарты. Ауыл мен кент әкімдері атқаратын әрбір іс осы мақсатқа тікелей қызмет етеді. Бұл жауапкершіліктің салмағын кент әкімі ретінде терең сезінемін. Әкім халықпен күнделікті араласып, мәселесін дер кезінде шешетін мемлекеттік қызметші. Бұл қызмет үлкен сенім мен табанды еңбекті қажет етеді. Кенттің тыныс-тіршілігін, әлеуметтік ахуалын жан-жақты ұғынып, нақты шешім қабылдау – шынайы басшылықтың басты шарты.

Жуырда ғана Мемлекет басшысының қатысуымен өткен жиында өзекті мәселелер талқыланып қана қоймай, кент пен ауыл әкімдерінің кәсіби деңгейін көтеруге бағытталған пікір алмасулар да болды. Форум барысында әр өңірдің әкімдері тәжірибе бөлісіп, ортақ мәселелерді нақты шешу жолын талқылады. Мен үшін бұл жиын үлкен әсер қалдырды. Форумнан жана идеялар, тың бастамалар, басқарудағы тиімді тәсілдер туралы құнды ақпарат алдық. Осындай алаңдар бізге жігер беріп, жергілікті басқару жүйесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік туғызатынын анық.

3 БЕТТЕ

■ СҰХБАТ

Ержан КЕНЖЕЕВ, Т. Рысқұлов атындағы №222 орта мектебінің физика пәні мұғалімі, «FLYORDA» дрон үйірмесінің жетекшісі:



ДРОН – БОЛАШАҚТЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КІЛТІ

Заманауи технологиялар қоғам өмірінің барлық саласына дендеп еніп, білім беру жүйесіне де жаңа бағыттар мен мүмкіндіктер ұсынып отыр. Солардың бірі – ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттары, яғни дрондар. Көпшілік үшін дрон жай ғана ойын-сауық құралы ретінде көрінуі мүмкін. Алайда бұл құрылғылар болашақтың технологиялық тетігі, инженерлік және цифрлық дағдыларды дамытудың тиімді құралы.

Тұрар Рысқұлов атындағы №222 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясының «FLYORDA» дрон үйірмесінің жетекшісі Ержан Кенжеевтің бастамасы осының жарқын дәлелі. Ол тек сабақ берумен шектелмей, оқушыларды дронмен жұмыс істеуге баулып, халықаралық жарыстарға қатысатын, ғылыми жобалар әзірлейтін білікті жас мамандарды тәрбиелеуде. Дрондарды білім беру процесіне енгізудің маңызын, практикалық тәсілдерін және болашақ даму бағыттарын білу үшін Ержан Кенжеевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Дрондар қызығушылық неден басталды?

– Ең алдымен фото-видео түсіре бастадым. Қала көріністерін әзірлеушілер арқылы жазып, оларды өңдеп, әлеуметтік желілерде жариялап отырдым. Осы қызығушылық уақыт өте келе кәсіби бағытпен жалғасып, қазіргі таңда оны білім беру саласымен ұштастырып келеміз.

4-БЕТТЕ

БАҒА ТАЛАПҚА БАҒЫНА МА?

Елімізде халықтың табысын арттыруға бағытталған жаңа бағдарламалар қабылдануда. Жакында Үкімет отырысында 2026-2028 жылдарға арналған макроэкономикалық тұрақтандыру мен халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы қаралды. Бағдарламада өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары айқындалып, тиісті тапсырма берілген еді.

Әлеуметтік маңызы бар тауарлар тізбесі кеңейді

Елімізде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін Сауда және интеграция министрлігі бірнеше нақты шараларды іске асыруда. Өткен аптада вице-премьер, ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен инфляцияны тұрақтандыру мәселелері жөніндегі кезекті кеңес өтіп, әлеуметтік маңызы бар тауарлар тізбесін кеңейту мүмкіндігін қарастырылды. Онда азық-түлік себетіне жүргізілген талдаудың алдын ала нәтижелері ұсынылды.

Қарашаның үшінші аптасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы өзгеріссіз қалған. Сауда және интеграция вице-министрі Айжан Бижанованың айтуынша, қазан айында азық-түлік инфляциясына ең жоғары үлес қосқан өнімдер қатарында қызанақ (15,8%), тартылған ет (3%), сүйексіз сиыр еті (2,2%), сүйекті жылқы еті (1,5%), қияр (7,4%), балық (2,6%), банан (2,8%) және басқа да өнімдер бар. Сонымен қатар жылдық көрсеткіш бойынша (өткен жылғы 10 аймен салыстырғанда) қызанақ 36,6%-ға, қияр 43,4%-ға арзандаған.

– Барлық өңірдің азық-түлік инфляциясына қатысты талдау нәтижесінде баға өсіміне ең көп

ықпал етіп отырған, алайда әлеуметтік маңызы бар тауарлар тізбесіне кірмейтін 30 тауар анықталған. Олардың ішінде ет, балық, алмұрт, алма, лимон, шай, сыр, банан, қызанақ, қияр және басқа да азық-түлік тауарлары бар. Бұл өнімдердің арасында импорт үлесі жоғары тауарлар да, көбіне айлық инфляцияға әсер етіп, жылдық инфляцияға айтарлықтай ықпал етпейтін позициялар да кездеседі. Осы тізімнің ішінен әлеуетті түрде әлеуметтік маңызы бар тауарлар қатарына енгізуге болатын 23 позиция іріктелді. Ендігі міндет – бұл ұсыныстарды бизнес өкілдерімен талқылау, — деді Айжан Бижанова.

2-БЕТТЕ

■ МӘСЕЛЕ

МАЛ БАЗАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ НЕ БОЛМАҚ?



Қызылорда қаласы соңғы жылдары жаңарып келеді. Жайлы өмір, таза қала концепциясына бет бұрған шаһардың қазіргі бет алыс көптің көңілінен шығуда. Дегенмен КБИ шағын ауданындағы мал базарының қасындағы тұрғындардың базынасы бар. Оған себеп те жоқ емес. Төрт түлік тиеген жүк көліктері базарға қапсарлас орналасқан тұрғындардың тыныштығын бұзған. Оған қоса, көлік кептелісі де жиі орын алады. Осы мәселеге байланысты жұмысшы топ «Бұлан» мал базарының әкімшілігімен кездесті.

«Бұлан» базарының олқылықтарын айту үшін жиналған жұрттың қарасы көп болды. Бірі жаз уақытында кене көбейіп кететінін айтса, енді бір тұрғын жаңбыр жауса бұл жердің ми батпаққа айналатынын жеткізді. Мал базарының іргесінде тұратын тұрғынның айтуынша, сасыған иістен жаз күндері терезе ашып отыру мүмкін емес.

– «Бұлан» базарына жақын тұрамын. Базар жұмыс істейтін күні көше бойы мал

тезегі, сабан шашылып жатады. Түнімен ііс шығатыны тағы бар. Жұбайым мүмкіндігі шектеулі жан, иістен тұншығып, жедел жәрдем шақыратын кездер жиі болады дейді, — қала тұрғыны Жорабек Матқосов.

Қалалық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары бөлімінің басшысы Мейрамбек Әжібеков «Бұлан» базарының жер учаскесі 1998 жылы берілгенін айтты. «Google Earth» бағдарламасындағы ақпарат бойынша 300 метрлік санитарлық қорғаныш аймағында 2004-2016 жылдары жеке тұрғын үй үшін 135 жер учаскесі тапсырылған.

– 2001 жылы жеке меншікке табысталған жер учаскесін қазір мал базары ретінде пайдаланып отыр. Соңғы уақытта базар маңындағы тұрғындардан шағым көп түсуіне байланысты базарды басқа мақсатта пайдалану жөнінде ұсыныс берілді. Мал базар басқа жаққа көшіріледі, — деді Мейрамбек Әжібеков.

3-БЕТТЕ



БАҒА

ТАЛАПҚА БАҒЫНА МА?

Азық түлік бағасы қалай реттеледі?

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін уақытша кенейту туралы жоба әзірленді. Тізімге бағасы жиі құбылатын тауарлар қосылды. Құжат келісу сатысында. Жакын күндері бизнес-қоғамдастықпен және «Атамекен» ҰКП-мен егжей-тегжейлі талқылау өтпек. Қараша айының алғашқы үш аптасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға өсімі 0%-ды құраған. Демек, баға қымбаттамады деген сөз. Желтоқсан айында тұтынушылық сұраныс артатыны белгілі. Қымбатшылықтың алдын алу мақсатында бұл айда сауда желілерімен бірлесіп, республикалық «Береке fest» акциясын өткізу жоспарлануда. Сонымен қатар жергілікті әкімдіктер тауарлардың кең тандауын тиімді бағамен ұсыну мақсатында жаңа жыл алдында жәрменкелер ұйымдастырады. Биыл осы уақытқа дейін елімізде 5 мыңнан астам жәрменке өткен. Өңірлерде ауыл шаруашылығы жәрменкелері жалғасуда.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, биыл жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсу индексі 108,9%-ды құраған. Бүгінгі таңда тұрақтандыру қорында 2 970,5 тонна өнім бар. Оның ішінде 1457 тонна картоп, 9,7 тонна қырықбабат, 494,9 тонна пияз, 3 тонна рожки, 23,4 тонна күнбағыс майы, 415,2 тонна асханалық сөбіз, 10,2 тонна ұн, 100,9 тонна күріш, 449,3 тонна кант, 6,8 тонна тұз бар. 2025-2026 жылғы қысқы маусымаралық кезеңдерде көкөністер бағасын реттеу үшін ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге қала халқының көкөністерге 3 айлық қажеттілігінің 50%-на дейінгі көлемде, яғни 8 134 тоннаға келісім шарт жасау тапсырылған. Қазіргі таңда осы тапсырмаға сәйкес 8 162,3 тоннаға шарт жасалды. Аймақта жыл басынан бері апта сайын жәрменкелер тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Биыл облыс бойынша 149 жәрменкеге 4,4 мың тонна өнім шығарылды.

Жаңа жыл қарсаңында баға өзгере ме?

Бұл көп көкейіндегі сұрақ. Бұл сауалдың жауабын вице-премьер Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин бұл сауалдың жауабын айтты.

– Біз бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жұмыс істеудеміз. Былтыр мерекелік кезең салыстырмалы түрде тыныш өтті. Биыл да солай болады деп үміттенеміз. Стандартты баға өсімі болуы мүмкін, бірақ күрт қымбаттау болмайды, – деді Жұманғарин.

Вице-премьер үкіметтің бағаны қатаң реттемегенін, фермерлерге пайда табуға мүмкіндік берілгенін атап өтті.

– Азық-түлік бағасын қатты теземдік. Шаруаларға табыс табуға мүмкіндік бердік. Дегенмен кейбір тауарлардың бағасы тұрақты өсіп отырады. Егер нарықта жасанды баға өсуі байқалса, бағаны қатаң реттейміз. Спекулянттардың пайда табуына жол бермейміз, – деп түйіндеді ол.

Коммуналдық төлемдер қымбаттамайды

Үкімет инфляцияны тежеу және әлеуметтік маңызды салаларды қолдау

Басы 1-бетте

бағытындағы шараларды жалғастыруда. Мәселен, әлеуметтік маңызы бар қызметтер мен тауарлардың бағасы бақылауда. Сонымен қатар халыққа қосымша ауыртпалық түспеуі үшін кешенді шаралар қабылданған. Жылда азық-түліктің қымбаттағанымен қоймай, коммуналдық қызметтердің бағасы шарықтап өсетін. Биыл коммуналдық қызметке төлейтін төлемдер өзгермейді.

Үкімет отырысында ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин 2026 жылдың I тоқсанының соңына дейін барлық тұтынушылар топтары үшін коммуналдық тарифтердің өсуі тоқтатылғанын атап айтты. Яғни, Президент тапсырған макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету шаралары бойынша 2026 жылдың I тоқсанының соңына дейін барлық тұтынушылар үшін коммуналдық тарифтерді өсіруге тыйым салынады. Бұл шешім халықтың әлеуметтік жағдайын қорғауға бағытталған. Ал ТКШ нысандарындағы жөндеу жұмыстары белгіленген мерзімде жалғасады. Одан бөлек инфляцияға деңгейі тұрақтағанға дейін АИ-92 маркалы жанармай мен дизель отынын көтеруге мораторий жарияланды. Энергетика министрлігі мен өңір әкімдіктеріне жанар-жағармай нарығын бақылау және ішкі сұранысты толық қамтамасыз ету тапсырылған.



Газ бағасы бақылауда

Бүгінде газ мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Осыған орай, өткен аптада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңір тұрғындарын сұйытылған газбен қамтамасыз ету мәселесі талқыланған мәжіліс өтті.

– Осыған дейін сұйытылған газды арзан бағамен сатып алғанның арқасында пайдаға кенелгендеріңізді білеміз. Бірақ бұлай жалғастыра беруге болмайды, былтыр да қатаң ескерттім, әлеуметтік газды тек халыққа сату керек. Ал коммерциялық газды өз қаражаттарыңызға алыңыздар.

Тұрғындарды толықтай қамтамасыз ету үшін қымбат болса да, басқа көздерден коммерциялық газды жедел жеткізіп, халыққа әлеуметтік бағамен сатыңыздар. Аймаққа бөлінген газды өнеркәсіп нысандарына, басқа өңірлерге сатуды доғарып, тапшылықты қолдан жасамаңыздар. Өңір тұрғындарының қажеттілігін толығымен өтеу үшін тиісті шаралар қабылданыр. Ортақ мақсатқа қол жеткізуде өзара түсіністікпен, жауапкершілікпен жұмыс істейміз деп сенемін. Алып-сатарлық әрекеттерге жол бермеу үшін реттеу және бақылау керек. Бөлінген газ басқа өңірлерге тасымалданбау үшін облыс шекарасына тәулік бойы кезекшілік орнатуды және оны күшейтуді тап-

сырамын. Занды түрде тіркелмей, автокөліктерге сұйытылған газ қондырғыларын орнату фактілерін анықтау мақсатында рейдтік тексерулер жүргізіп, тиісті шаралар қабылданыр. Осы саладағы кәсіпкерлер аймаққа бөлінген газды өнеркәсіп нысандарына, басқа өңірлерге сатып, тапшылықты қолдан жасап отыр. Тағы да айтамын, арзан газ әуелі осы өңір тұрғындарының қажеттілігін толығымен өтеуге жұмсалуды керек. Сол тұрғыда тиісті шаралар қабылданыр, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімінің баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, облыстағы 16 оператор 144 автогаз құю стансасы, 6 газ сақтау қоймасы арқылы сұйытылған газ сатуды қамтамасыз етеді. Өңірде арзанға алып, қымбатқа саудалайтын алыпсатарлық әрекеттерге жол бермеу мақсатында облыс шекарасына кезекшілік орнатылған. Занды түрде тіркелмей, автокөліктерге сұйытылған газ қондырғыларын орнату фактілерін анықтайтын рейдтік тексерулер жүргізіліп, тиісті шаралар қабылдана бастады.

Облыстық полиция департаменті аймаққа бөлінген газдың басқа өңірлерге шықпауын қадағалау үшін тәулік бойы жұмыс істейтін бақылау бекеттерін «Қарабұтақ – Қызылорда – Шымкент» автожолының Арал ауданындағы 1363-903-шақырымына,

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР АРАСЫНДА ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТТІ

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНЕ АРТЫЛАР МІНДЕТ САЛМАҚТЫ

Қазіргі таңда ауыл әкімдерінің 60 пайызы алғаш рет сайланғанын ескерсек, басқару жүйесінің айтарлықтай жаңарғаны байқалады. Дегенмен, әкім болып сайлану – жұмыстың бастамасы ғана. Халық сенімін ақтау үшін тоқтаусыз ізденіс пен кәсіби даму қажет.

Мемлекет басшысы ауыл әкімдеріне қойылатын нақты міндеттерді атап өтті. «Аманат» партиясының «Әкімдер мектебі» жобасы осы бағытта маңызды рөл атқарып жүр. Бірақ бұл бастаманың жоғары білімнің орнын баспайтыны анық. Сол себепті «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағдарламасын жаңғырту, басқару мен көшбасшылық дағдысын арттыру – уақыт талабы. Бұл бағыттағы жұмысты мемлекеттік қызмет істері агенттігі жүйелі түрде үйлестіруі тиіс.



Еркін Ахетов, Қарауылтөбе ауылдық округінің әкімі:

Жауапкершілік жүгі ауыр

Астанада өткен ауыл әкімдерімен өткізілген диалог-платформасы форумына қатыстым.

Жиында Мемлекет басшысы ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болу керектігін атап айтты, ауылдық елді мекендердің жағдайы еліміз үшін маңызы зор екенін және болашақта елдің тұрақты дамуындағы стратегиялық үлесі барын ерекше атап өтті.

Сонымен қатар жиын барысында ауыл әкімдерінің ұсыныс-пікірлерін қабыл алған Мемлекет басшысы, барлық айтылған пікірлердің міндетті түрде мұқият зерделеніп, алдағы уақыттағы жұмыс барысында ескерілетінін баса жеткізді.

Бұған қоса, үкімет ауыл экономикасын жандандыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеу қажеттігін атап көрсетті.

Кездесу барысында әр өңірден келген әріптестерімізбен яғни, ауыл әкімдерімен кездесіп, тәжірибе алмастық. Ауылдың дамуы – елдің дамуы. Әрбір шешім, әрбір нәтиже – мемлекетіміздің болашағына қосылған үлес.

Сәкен ӘБДЖАППАР, Қызылөзек ауылдық округінің әкімі:

Ауылдардың дамуына серпін береді

Елордада өткен ауыл әкімдерінің диалог-платформасында Мемлекет басшысы ауылды өркендету, ауыл әкімдері институтын одан әрі жетілдіру міндеттерін атап өтті. Сондай-ақ еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелеріне тоқталды.

– Бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Еліміздегі барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері осы жерге арнайы шақырылды. Ауыл

Алдағы үш жылда Қазақстанды толықтай цифрлық елге айналдыру – жаңа даму кезеңіндегі басты міндеттердің бірі – деді Президент.

Президентіміздің «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген ұстанымы – біздің жұмысымыздың да темірқазығы. Әрбір орынды ұсынысқа құлақ асып, халықтың талабын құрметтеу – әкімнің парызы. Форумдағы ашық диалогтар да осы мәдениеттің маңызды екенін көрсетті. Сын да, ұсыныс та даму үшін қажет.

2023 жылдан бері Тасбөгет кентінің әкімі ретінде осы міндеттерді абыроймен атқаруға бар күшімді салып келемін. Кенттің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыру, инфрақұрылымды жаңарту, цифрландыру жобасын іске асыру, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту – менің негізгі басымдықтарым. Президент жүктеген тапсырмалардың барлығы Тасбөгет кентінде кезек-кезеңімен, сапалы әрі нақты жүзеге асатынына толық сенімдімін.

Кенттің дамуы – елдің дамуы. Әрбір шешім, әрбір нәтиже – мемлекетіміздің болашағына қосылған үлес. Халық сенімін ақтау – әкім ретіндегі басты міндетім және өмірлік борышым.



Шәріп Әбдірахманов, Қызылжарма ауылдық округінің әкімі:

Ауыл мықты болса елде береке болады

Астанада ауыл әкімдерінің диалог-платформасы өтіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауылды өркендету, ауыл әкімдері институтын одан әрі жетілдіру міндеттеріне арнайы тоқталып өтті. Сондай-ақ еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелеріне тоқталды.

Мемлекет басшысы «Әкім – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші» екендігін еске салды.

Жиынның мән-маңызы ерекше болды. Жиынға әкімдер, еліміздегі барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері қатысты.



Шын мәнінде, тақырып өте өзекті. Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда. Ауыл мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, жүктелер міндет те салмақты екендігі айтылды.

Мемлекет басшысы жиында айтылған ой-пікірлерді және ұсыныстарды мұқият зерделеп, жұмыс барысында міндетті түрде ескеру қажеттілігін үкімет пен парламентке тапсырды.

Пленарлық жиыннан соң 6 бағыт бойынша ұйымдастырылған панельдік сессияға қатыстық. Білімімізді шыңдап, ашық пікір алмасу мүмкіндігі болды.



Ерлан Бейсенбаев, Талсуат ауылдық округінің әкімі:

Сенім мен міндет қатар жүктелді

Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен ауыл әкімдері арналған республикалық диалог-платформаға қатыстым. Президенттің тікелей бас-тамасымен ұйымдастырылған бұл

партия тарапынан жасалып жатқан жұмыстарды атап өтті.

– «Әкімдер мектебі» жобасы Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында, оның облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы филиалдары арқылы іске асырылды. Бұл оқу курстарына өңірдегі 146 барлық ауылдық округтері қатысып білімін жетілдірді. Оқыту экономика,

АУЫЛ – БАСТЫ НАЗАРДА



беру үшін «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалында баспасөз мәслихаты өтті. БАҚ өкілдеріне Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Шәріп Әбдірахманов, Сырдария ауданы Нағи Илиясов ауылдық округінің әкімі Сағдат Нұрмағанбетов форумның нәтижесі мен талқыланған мәселелер туралы ақпарат берді.

Алдымен сөз алған «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай әкімдердің өкілеттігімен қатар жауапкершілігін күшейту мәселесі бағытында

мемлекеттік басқару, бюджеттік жоспарлау, коммуналдық меншікті басқару, цифрландыру, тәуекел-менеджмент, кәсіпкерлікті дамыту және инвестициялар тарту саласында 17 модуль мен 240 академиялық сағатты қамтыды. Бүгінде ауыл әкімдері ауыл халқының табысын арттыру бағытында алған білімін қолдануда деп толық есептейміз, – деді Жандос Базартай.

Өз кезегінде Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Шәріп Әбдірахманов әкімдерді оқытудың маңыздылығына тоқталды.

Думан РАХЫМЖАН

МАЛ БАЗАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ НЕ БОЛМАҚ?

Қызылорда қаласының жаңадан әзірленіп жатқан бас жоспарында тұрғын үй аумағында орналасқан мал базарын басқа аумаққа көшіру жоспары көзделген. Санитарлық-эпидемиологиялық талап бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын сату нысаны тұрғын үйлерден 300 метр қашық болуы шарт. Сондықтан мал базары аумағында тұратын тұрғындардың мүд-мұқтажын ескеру, заңға сәйкес шешім қабылдау «Бұлан» ЖШС-не тиесілі мал базар нысанын мемлекет мұқтажы үшін алып, қала шетінен тыс аумаққа көшіру қажеттілігі туындаған.



Дегенмен бұл талапқа базарда малын сатып күнелтіп отырған кәсіпкерлердің айтар уәжі бар. «Аптасына бір рет ашылатын базарды күтеміз», – деген кәсіпкер Феруза Халикова бала-шағасының нәпакасын осы жерден тауып отырғанын айтады. Ес білгелі мал бордакылап, базарға сатумен айналысатын кәсіпкер базардың басқа аумаққа көшкенін құп көрмейді. Жұмысшы топпен кездесуге базар бастығы Қылышхан Күзембаев өзі келді.

– Осындағы тұрғын үйлер мал базардың болуына қарсы емес. Құжат түрінде тұрғындардан алған келісім қағазым да бар. Мал базар жұмыс істеп тұрғанда салынған үйлер 300 метр алыста болатын. Кейін базарға жапсарласа үйлер салына бастады дейді, – «Бұлан» базарының бастығы Қылышхан Күзембаев.

Мал базарында саудамен күнелтіп отырған халықтың назы басы ашық күйінде қалды. Мәселені егжей-тегжейлі бағамдаған жұмысшы топ өкілдері нысан иесіне талаптарға сай жұмыс істеуді тапсырды. Айта кетейік, қала сыртында жаңадан ашылған мал базары жұмыс істеп жатыр.

Басы 1-бетте

Думан КЕҢШІЛІК

Өткен аптада елордада ауыл әкімдерінің диалог-платформа өтті. Президент қатысқан жиынға ауыл әкімдерінің 80 пайызы келді. Республиканың әр өңірінен келген 2334 әкім өз тәжірибелерін ортаға салды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерінің ролін күшейту, ауылды дамыту жолдарын айқындады. Сондай-ақ елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелеріне тоқталды.

2021 жылдан бері ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 864 нысан, 388 жаңа мектеп ашылды. Сондай-ақ 2 мыңға жуық ауыл мектебіне сапалы интернет жеткізілді. Ендігі ретте Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын дамытудағы еңбек зая кетпес үшін жеке шаруалардың бірігуі маңызды екенін атап өтті. Бірлестік құру бүкіл ел бойынша жүргізілу керектігін тапсырды.

– 2029 жылға дейін «Ауыл аманаты» бағдарламасына 600 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінеді. Ауылдағы кәсіпкерлікті өркендетуге баса мән беруіміз қажет. Алдымен ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуымыз қажет. Оның пайдалы екенін көпшілік біледі. Кооперативтерді бірнеше адам құрып, шаруашылық иелері мен өнім өңдеушілер арасында делдал болып жүр. Мұндай әрекеттерге тыйым

